

Адам. Қоғам. Құқық

Бір дұрыс жауабы бар тапсырма

1. Парламент Сенатына _____ сайлана алады
- A) 40 жастан
 - B) 30 жастан
 - C) 20 жастан
 - D) 25 жастан
 - E) 35 жастан

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша азаматтарға жүктелетін міндеттер
- A) Салт-дәстүрді сақтау
 - B) Заң белгілеген салықтарды төлеу
 - C) Жоғары білім алу
 - D) Республиканы қорғау
 - E) Конституция мен заңдарды сақтау
 - F) Өзге адамдардың құқығы мен еркіндігін құрметтеу
 - G) Сайлауға міндетті қатысу
 - H) Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу

Мәтіндік тапсырмалар

1-мәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Адамзат қоғамының даму тарихында дәстүрлі, индустриялық және постиндустриялық үш кезең бөліп көрсетіледі. Неғұрлым дамыған қазіргі кезеңнің жалпы сипаттамасы постиндустриялық қоғам болып есептеледі. Онда ғылыми-техникалық прогрестің басты жаңалықтары алдыңғы орынға шықты.

1. Батыста ғылыми-техниканың жедел дамуы нәтижесінде индустриялық қоғамның постиндустриялық қоғамға айнала бастаған уақыты
- A) XX ғасырдың 20-жылдары
 - B) XX ғасырдың 30 жылдары
 - C) XX ғасырдың 40-жылдары
 - D) XX ғасырдың 50-жылдары
 - E) XX ғасырдың 70-жылдары

2. Постиндустриялық қоғамның тұжырымдамасын әзірлеуші американдық әлеуметтанушы
- A) А. Смит
 - B) А. Пегчей
 - C) М. Вебер
 - D) Э. Ренан
 - E) Д. Белл
3. Постиндустриялық қоғамдағы адам қызметінің басты объектісі
- A) Жер
 - B) Фабрика
 - C) Ақпарат
 - D) Театр
 - E) Дін
4. XX ғасырдың соңында индустриялық қоғамнан постиндустриялық қоғамға себепші болған төңкеріс
- A) Буржуазиялық
 - B) Әлеуметтік
 - C) Компьютерлік
 - D) Ядролық
 - E) Аграрлық
5. Постиндустриялық қоғамның негізгі сипаттамасы
- A) Қызмет көрсету саласының басымдығы
 - B) Өнеркәсіп саласының жетістіктері
 - C) Ауыл шаруашылығындағы табыстар
 - D) Жердің негізгі табыс көзіне айналуы
 - E) Фабрикалық өндірістің қажеттілігінің артуы